

**"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1469
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 34 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1469
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 51, 689-құжат)
мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат
б е р у е р е ж е с і н д е :

2-тармақтың 3), 5) тармақшалары және 3-тармақтың 3) тармақшасы алынып
т а с т а л с ы н ;

7, 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін,
оның ішінде олардың жұмыртқалары мен уылдырықтарын алуға рұқсатты Орман
және аңшылық шаруашылығы комитеті, сондай-ақ Балық шаруашылығы
комитетінің аумақтық бөлімшелері ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы
Үкіметінің шешімі бойынша оларды арнайы жасалған жағдайларда өсіру және
кейіннен мекендеу ортасына жіберу, аңшылықтың ұлттық түрлерін дамыту,
ғылыми зерттеулер және селекциялау үшін береді.

8. Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті жануарларды (занды тұлға
мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су
айдындарында және (немесе) учаскелерінде мекендейтін балық ресурстарын
және басқа да су жануарларын қоспағанда) ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік
және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға рұқсаттар береді.»;

12-тармақтың екінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мекендейтін ортасынан алынуы жоспарланған жануарлар дүниесі

объектілерінің тізбесі мен саны;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жыныс-жас құрамы (қажет болған жағдайда);»;

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы төлегені туралы төлем құжатты;» ;

14 - тармақта :

1) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жануарлар дүниесі объектілерін алу шетелдік адамдардың қатысуымен жүргізілетін болса - аңшылық шаруашылығы субъектісінің шетелдіктермен аң аулауды ұйымдастыруға жасалған келісімшарттың және аң аулау құқығын куәландыратын, тұратын елінде берілген құжаттың көшірмесі, сондай-ақ ішкі істер органдарынан аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаты;» ;

4) тармақша алынып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына енетін су айдындары және (немесе) олардың учаскелерін қоспағанда, бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде, сондай-ақ бір балықшы бір шыққанда бес килограммнан артық алып шыға отырып, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында әуесқойлық (спорттық) балық аулауға рұқсатты бекітілген лимиттерге сәйкес және алу квоталары шегінде өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжатты және жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы төлегені туралы төлем құжатын ұсынған кезде Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері өтініш берілген күні береді.»;

мынадай мазмұндағы 16-1 және 16-2-тармақтармен толықтырылсын:

«16-1. Бір балықшы бір шыққанда бес килограмға дейін алып шығатын балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында әуесқойлық (спорттық) балық аулау қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.

16-2. Бақылау үшін аулауды Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатсыз жүзеге асырады.» ;

17 - тармақта :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) алуға рұқсат етілген жануарлар дүниесінің түрі, саны (биомассасы);»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) жануарлар дүниесін алу тәсілдері мен құралы, пайдаланылатын жүзу

қ ұ р а л д а р ы ; » ;

көрсетілген Ережеге 1-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда
ж а з ы л с ы н :

«Жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық
мақсаттарда пайдалануға (қажеттісінің астын сызу керек)

№ _____ рұқсат»;

көрсетілген Ережеге 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа
р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі	С. Ахметов	
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	2 5
№	3 4	қ а ң т а р д а ғ ы
қ о с ы м ш а	қ а у л ы с ы н а	
Ж а н у а р л а р	д ү н и е с і н	п а й д а л а н у ғ а
р ұ қ с а т	б е р у	е р е ж е с і н е
2-қосымша		
Басқаға беру құқығынсыз		

Рұқсат нысаны

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті

(а у м а қ т ы қ б ө л і м ш е)

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін пайдалануға

№ _____ рұқсат

«Инспекция» мен «Пайдаланушы» арасындағы балық аулауға арналған 20__
жылғы «___» _____ № _____ шарт негізінде

(занды тұлғаның атауы және оның жауапты адамының тегі, аты, әкесінің аты
_____ берілді.

_____ немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)
Пайдалану түрі _____

(судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүт қоректілерін қоса

алғанда, балық аулау, әуесқойлық (спорттық) балық аулау; ғылыми мақсатта;

мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда

п а й д а л а н у)

су айдының және (немесе) оның учаскесінің атауы)

(кәсіпшілік аулау, әуесқойлық (спорттық) балық аулау, мелиорациялық, эксперименттік, ғылыми-зерттеу, балық өсіру мақсатында аулау)

мақсаттарында пайдалану.

Балықтардың және басқа да су жануарларының түрлері, алуға рұқсат етілген саны (биомассасы)

(тн немесе кг, итбалықтар басы -

цифрлармен және жазбаша)

Жыныс-жас құрамы (қажет болған жағдайда)

Алу мерзімі _____ ден _____ дейін

(рұқсаттың қолданылу мерзімі)

Алу тәсілдері (аулау, ату, жинау) _____

Болжамды алу учаскесінің ауданы (аумағы) мен шекарасы _____

Жануарлар дүниесінің объектілерін алу құралдары _____

аулау құралдарының түрі, сипаттамасы мен параметрлері, саны)

Пайдаланылатын жүзу құралдары _____

(үлгісі, саны)

Жануарлар дүниесінің объектілерін алуға қатысатын адамдардың саны _____

Төлену фактісін растайтын құжатқа сілтеме жасай отырып, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төленген төлемақы сомасы _____

Берілген күні 20____ жылғы «____» _____

М.О. Қолы _____

(лауазымды адамның Т.А.Ә.)